Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support

Сұрағыңыз бар ма? Philips компаниясына хабарласыңыз

AZ385




# Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

# Мазмұндар кестесі


1 Маңызды ақпарат 2

2 CD дыбыстық құрылғысы 3
Кіріспе 3
Қораптың құрамы 3
Негізгі құрылғыны шолу 4

3 Жұмысты бастау 6
Қуатты қосу 6
Қосу 7

4 Ойнату 8
Дискіні ойнату 8
USB құрылғысынан ойнату 8
FM радиосын тыңдау 8
Сыртқы құрылғыдан ойнату 8

5 Ойнату опциялары 9
Ойнатуды басқару 9
Жолдарды бағдарламалау. 9
Бассты жақсарту 9

6 Өнім туралы ақпарат 10
Ерекшеліктер 10
Техникалық қызмет көрсету 10
USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер 11

7 Ақаулықтарды жою 12

8 Ескерту 13

# 1 Маңызды ақпарат

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/ қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе ашасы зақымдалса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кетсе, құрылғыға жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс істемей тұрса немесе құлап қалса, қызмет көрсетуді қажет етеді.
- Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ - Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:
    - Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
    - Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
    - Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.
- Батареялар (батарея топтамасы немесе орнатылған батареялар) күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу әсеріне ұшырамауы тиіс.
- Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған балауыз шамдар) қоймаңыз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

**Абайлаңыз**

- Бұл құрылғының сыртқы корабын шешуші болмаңыз.
- Құрылғыны басқа электр құрылғыларының үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.

**Ескерту**

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

# 2 CD дыбыстық құрылғысы

## Кіріспе

Бұл CD дыбыстық құрылғысымен мыналарды жүзеге асыруға болады:

- FM радиосын тыңдау;
- дискілерден, USB құрылғысынан және басқа сыртқы аудио құрылғылардан дыбыс тыңдау;
- тректердің ойнатылу ретін бағдарламаға енгізіңіз.

Құрылғы дыбысты байыту үшін динамикалық бассты күшейтуді (DBB) ұсынады.

## Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп анықтаңыз:

- Негізгі бөлік
- AC қуат сымы
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы

# Негізгі құрылғыны шолу







① **VOLUME**
- Дыбыс деңгейін реттейді.

② **▲ / ▼**
- CD немесе USB режимінде келесі альбомға өту.

③ **▶II**
- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.

④ **■**
- Ойнатуды тоқтату.
- Бағдарламаны өшіру.

⑤ **Дисплейлі панель**

⑥ **⭠USB**
- USB құрылғысын жалғаңыз.

⑦ **PROG**
- CD немесе USB режимінде жолдарды ойнату ретін бағдарламалаңыз.

⑧ **FM жиілік көрсеткіші**

⑨ **LIFT TO OPEN**
- Диск бөлімін ашу немесе жабу.

⑩ **- TUNING +**
- FM радио стансаларын баптаңыз.

⑪ **MODE**
- Қайталау/кездейсоқ ретпен ойнату режимін таңдаңыз.

⑫ **⏮ / ⏭**

- Алдыңғы немесе келесі әуенге өткізу.
- Жолда іздеу.

⑬ **FM антеннасы**

- FM қабылдауын жақсартады.

⑭ **Ресурс қосқышы**

- Көзді таңдаңыз: **FM**, **USB** немесе **CD**.
- Құрылғыны өшіріңіз.

⑮ **Audio-in**

- Сыртқы дыбыс құрылғысын қосыңыз.

⑯ **AC~ MAINS**

- Қуат көзіне қосыңыз.

⑰ **DBBқосқыш**

- **ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ):** динамикалық бассты күшейту функциясын қосу немесе өшіру.

# 3 Жұмысты бастау

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.
Philips компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының үлгі және сериялық нөмірі сұралады. Үлгі және сериялық нөмірі — құрылғының астыңғы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:
Үлгі нөмірі ___________________________
Сериялық нөмір
________________________________

## Қуатты қосу

Құрылғы айнымалы ток көзінен немесе батареялардан қосуға болады.

### 1-таңдау: айнымалы ток қуаты

**Абайлаңыз**

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток көзінен ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.

Айнымалы ток сымын төмендегілерге қосыңыз:

- құрылғыдағы **AC~ MAINS** ұясына.
- қабырғадағы розеткаға.

**Ескертпе**

- Құрылғыны толығымен өшіру үшін қуат сымын розеткадан ажыратыңыз.




### 2-таңдау: батарея қуаты

**Ескерту**

- Жарылу қаупі бар! Батареяларды қызудан, күн сәулесінен немесе оттан аулақ ұстаңыз. Батареяларды отқа тастамаңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

**Ескертпе**

- Батареялар аксессуарлармен бірге берілмейді.

1. Батарея бөлімін ашыңыз.
2. 6 батареяны (түрі: R14/ UM2/ C CELL) дұрыс қарсылықпен (+/-) көрсетілгендей салыңыз.
3. Батарея бөлімін жабыңыз.



## Қосу

Көз таңдағышты **FM, USB немесе CD** көзіне ауыстырыңыз.

## Өшіру

Көз таңдағышты **OFF** көзіне ауыстырыңыз.

## Күту режиміне ауысу

Егер 15 минут бойы бос тұрса, құрылғы күту режиміне автоматты түрде ауысады.
**Күту режимінен шығу үшін,**

- **▶❚❚** түймесін басыңыз; немесе
- көзді таңдаңыз.

# 4 Ойнату

## Дискіні ойнату

1 Көз таңдағышты **CD** көзіне ауыстырыңыз.
2 Диск бөлімін ашу үшін көтеріңіз.
3 Дискіні басылған жағын жоғары қаратып салыңыз, одан кейін диск бөлімін жабыңыз.
↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды.

### Ойнатылатын дискілер

**Ескертпе**

- Авторлық құқықтарды қорғау технологияларының көмегімен кодталған ықшам дискілерді ойнату мүмкін емес.

Мына ықшам дискілерді ойнатуға болады:

- CD-Recordables (CD-R)
- CD-Rewritables (CD-RW)
- MP3/WMA ықшам дискілері

## USB құрылғысынан ойнату

**Ескертпе**

- USB құрылғысында ойнатылатын аудио мазмұнның бар екеніне көз жеткізіңіз.

1 Көз таңдағышты **USB** көзіне ауыстырыңыз.
2 USB құрылғысын ⭠ ұясына салыңыз.
↳ Автоматты түрде ойнатыла бастайды. Егер ойнатылмаса, **▶II** түймесін басыңыз.

## FM радиосын тыңдау

**Ескертпе**

- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.

1 Көз таңдағышты **FM** көзіне ауыстырыңыз.
2 FM радиостанциясына реттеу үшін **- TUNING +** тұтқасын бұрыңыз.

## Сыртқы құрылғыдан ойнату

MP3 ойнатқышы сияқты сыртқы аудио құрылғыны осы құрылғы арқылы да тыңдауға болады.

1 Көз таңдағышты **FM**, **USB** немесе **CD** көзіне ауыстырыңыз.
2 Аудио кабельді (3,5 мм, жинақта жоқ) төмендегіге қосыңыз:
   - құрылғыдағы **Audio-in** ұясына.
   - сыртқы құрылғыдағы құлақаспап розеткасы.
3 Сыртқы құрылғыны ойнату (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

**Ескертпе**

- **Audio-in** ұясы құлақаспапқа қолданылмайды.

# 5 Ойнату опциялары

## Ойнатуды басқару

CD не USB режимінде төмендегі әрекеттер арқылы ойнатуды басқаруға болады.

| | |
|---|---|
| ⏮ / ⏭ | Дыбыстық файлды таңдаңыз; Ойнату кезінде алға жылдам айналдыру және артқа жылдам айналдыру үшін басып тұрыңыз, одан кейін ойнатуды жалғастырыңыз. |
| ▲ ▼ | Алдыңғы не келесі MP3/WMA альбомына өткізіңіз. |
| ▶❚❚ | Ойнатуды уақытша тоқтату немесе жалғастыру. |
| ■ | Ойнатуды тоқтату. |
| MODE | [ 🔂 ]: ағымдағы тректі қайталап ойнатыңыз.<br>[ 🔁ALL ]: барлық тректі қайталап ойнатыңыз.<br>[ 🔁ALB ] (тек MP3/WMA үшін): ағымдағы альбомды қайта-қайта ойнату.<br>[ 🔀 ]: тректерді еркін ойнатыңыз.<br>Қалыпты ойнатуға қайту үшін қайталау немесе кездейсоқ ретпен ойнату белгішесі өшкенше **MODE** түймесін қайталап басыңыз. |
| VOLUME | Дыбыс деңгейін реттейді. |

## Жолдарды бағдарламалау.

CD не USB режимінде көп дегенде 20 трекке дейін бағдарламаға енгізуге болады.

1. Ойнатуды тоқтату үшін ■ түймесін басыңыз.
2. Бағдарлама режимін іске қосу үшін **PROG** түймесін басыңыз.
   ↳ **[PROG]** (бағдарлама) жыпылықтай бастайды.
3. MP3/WMA жолдары үшін ▲ / ▼ түймесін басып, альбом таңдаңыз.
4. Жол нөмірін таңдау үшін ⏮ / ⏭ түймесін басыңыз, одан кейін құптау үшін **PROG** түймесін басыңыз.
5. Басқа тректерді бағдарламаға енгізу үшін 3-4 қадамдарды қайталаңыз.
6. Бағдарламаланған жолдарды ойнату үшін ▶❚❚ түймесін басыңыз.
   ↳ Ойнату кезінде **[PROG]** (бағдарлама) және алдын ала орнатылған нөмір көрсетіледі.

- Бағдарламаны өшіру үшін ■ түймесін екі рет басыңыз.

## Бассты жақсарту

Динамикалық бассты күшейтуді өшіру үшін **DBB** қосқышын **ON (ҚОСУЛЫ)** немесе **OFF (ӨШІРУЛІ)** күйіне сырғытыңыз.

# 6 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

## Ерекшеліктер

### Күшейткіш

| | |
|---|---|
| Номиналды шығыс қуаты | 2 x 1 Вт RMS |
| Жиілік жауабы | 63 -14 000 Гц, -3 дБ |
| Шу коэффициентіне сигнал | >57 дБА |
| Гармоникалық мазмұн | < 1% |
| Аудио кіріс көзі | 650 мВ RMS |

### Диск

| | |
|---|---|
| Гармоникалық мазмұн | <1% |
| Жиілік жауабы | 63 -14 000 Гц, -3 дБ |
| Шу коэффициентіне сигнал | >57 дБА |

### Тюнер

| | |
|---|---|
| Реттеу ауқымы | FM: 87,5 - 108 МГц |
| Гармоникалық мазмұн | < 3% |
| Шу коэффициентіне сигнал | >50 дБА |

### Динамиктер

| | |
|---|---|
| Үндеткіштің номиналдық карсылығы | 8 Ом |

### Жалпы ақпарат

| | |
|---|---|
| Қуат көзі | |
| - Айнымалы ток қуаты | 220 - 240 В, 50/60 Гц |
| - Батарея | 9 В, 6 x 1,5 В R14/UM2 |
| Жұмыс үшін қуат тұтынуы | 15 Вт |
| Күту режимінде қуат тұтынуы | < 0,5 Вт |
| Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е x Б x Д) | 261 x 123 x 245 мм |
| Салмағы - негізгі құрылғы | 1,1 кг |

## Техникалық қызмет көрсету

**Корпусын тазалау**

- Жұмсақ тазалағыш ерітіндімен суланған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Құрамында алкоголь, спирт, аммиак немесе абразив бар ерітіндіні пайдаланбаңыз.

**Дискілерді тазалау**

- Диск кірлегенде, оны тазалағыш шүберекпен сүртіңіз. Дискіні ортасынан шетіне қарай сүртіңіз.



- Бензин, ерітінді, сатып алынған тазалағыштар немесе ұқсас жазбаларға арналған антистатикалық спрейді пайдаланбаңыз.

**Диск линзасын тазалау**

- Ұзақ уақыт пайдаланғаннан кейін диск линзасында кір не шаң жиналып қалуы мүмкін. Ойнату сапасын жақсарту үшін диск линзасын Philips CD линза тазалағышымен немесе басқа сатып алынған тазалағышпен тазалаңыз. Тазалағыштағы нұсқауларды орындаңыз.

# USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

**Үйлесімді USB құрылғылары:**

- USB флеш жады (USB1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB1.1)
- жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралдары қажет)

**Қолданылатын пішімдер:**

- USB немесе жад файлы пішімі: FAT12, FAT16, FAT32 (сектор көлемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- WMA v9 не одан бұрынғы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомдар/ қалталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- Unicode UTF8 форматындағы файл атауы (максималды ұзындығы: 16 байт)

**Қолданылмайтын пішімдер:**

- Бос альбомдар: бос альбом — құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдары еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM дыбыстық файлдары
- DRM арқылы қорғалған WMA файлдары (.wav, .m4a, .m4p, .mp4, .aac)
- Lossless пішіміндегі WMA файлдары

# 7 Ақаулықтарды жою

**Абайлаңыз**

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне (www.philips.com/support) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

**Қуат жоқ**

- Құрылғының айнымалы ток қуат штепселінің дұрыс қосылуын қамтамасыз етіңіз.
- АТ розеткасында қуат болуын қамтамасыз етіңіз.
- Батареяларды полярлықтарымен (+/– белгілері) көрсетілгендей салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.

**Дыбыс жоқ**

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.

**Құрылғыдан жауап жоқ**

- Батареяларды шығарыңыз және құрылғыны қайтадан қосыңыз.
- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

**Диск таңдалмаған**

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

**Нашар радио сигналын қабылдау**

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын түгелдей созыңыз.

**USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес**

- USB құрылғысындағы қалталардың не файлдардың саны белгілі бір шектен асып кеткен. Бұл құбылыс ақаулыққа жатпайды.
- Бұл файлдардың форматтарына қолдау көрсетілмейді.

**USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді**

- USB құрылғысы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

# 8 Ескерту

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.

Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымның Еуропалық 2002/96/EC нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді.
Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.
Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.

Сіздің бұйымыңызда 2006/66/EC Еуропалық директивасына сәйкестендірілген қондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лақтыруға болмайды.Батареяларды қоқысқа тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқысқа лақтыру ережелерін сақтау қоршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін кері әсерлерден сақтайды.

**Айналаны қорғау мәселелер ақпараты**
Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орауышты үш материалға оңай бөлінетін етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), қағаз полистирол (буфер) және полиэтилен (сөмкелер, қорғағыш көбік орауышы.)
Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

**Бұл құрылғы мына белгілерді қамтиды:**

CLASS 1
LASER PRODUCT

II сыныпты жабдық таңбасы

Бұл таңба осы құрылғыда екі еселік оқшаулау жүйесінің бар екендігін көрсетеді.

Windows Media және Windows логотипі АҚШ-тағы және басқа елдердегі Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

**Ескертпе**

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.
This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product.
Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license from Koninklijke Philips N.V.

AZ385_12_UM_V5.0